Конкурстық комисия
Мүшелеріне

ХАТТАМА ШЕШІМІНЕ ШАҒЫМ

№73688559-ГС31 лот бойынша
хаттамасына қатысты

"Жамбыл облысы әкімдігінің ақпарат және қоғамдық даму басқармасы" КММ жанынан құрылған комиссия мүшелері қағиданың бағалау өлшемшарттарын негізсіз есепке алмай, өрескел қате жіберген.

Атап айтқанда; аталған жоба мемлекеттік жастар саясатын жүзеге асыру үшін, яғни жастардың шығармашылығы, олардың тәлім-тәрибиесіне, патриоттыққа, жастардың бос уақыттарын тиімді өткізуге бағытталған жоба бола тұра, комиссия мүшелері **«Қармақшы жастары» ЖҚБ** – нің 10 жыл мемлекеттік жастар саясаты саласындағы жұмыс тәжірибесін көре тұра негізсіз бағаламаған, **тиісті 8 балл** беру сұралады.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2024 жылғы 9 қазандағы №687 бұйрығының **21-қосымшасына** сәйкес **тиісті өлшемшарттар қолданылған.** Аталған қосымшаның **ескертпе бөлігінде** «Сатып алынатын қызметтер нарығында жұмыс тәжірибесін растайтын құжаттар **көрсетілген қызметтер актілерінің** және **шот-фактуралардың электрондық көшірмелері** болып табылады» делінген. Алайда **"Жайдарлы" Жастар КВН лигасы" ЖҚБ –гі барлық жылдарда шот-фактуралардың электрондық көшірмелерін салмаған сол себепті** Әлеуетті өнім берушінің жұмыс тәжірибесінің болуы және Егер жоба жергілікті бюджет есебінен жүзеге асырылса - тиісті аймақтағы үкіметтік емес ұйымның тәжірибесі бөлігіне **0 балл беру керек**

Қазақстан Республикасының Қаржы министрінің 2024 жылғы 9 қазандағы «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» № 687 қағидасының (бұдан әрі-Қағида) 460-тармағына сәйкес, Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс қызметтерін мемлекеттік сатып алу кезінде ұйымдастырушы конкурстық құжаттамада әлеуетті өнім берушілер ұсынған бағалау үшін өлшем шарттар белгіленген.

Сондай-ақ қағиданың 4-тарау 6-параграф 78 тармағына сәйкес, егер конкурстық құжаттамада еңбек ресурстарының болуы жөніндегі талап қамтылған жағдайда**, онда еңбек ресурстарының болуы қызметкердің біліктілігі туралы құжаттың электрондық көшірмесімен**, **сондай-ақ қызметкердің электрондық цифрлық қолтаңбасы не еңбек шарттарын есепке алудың біріңғай жүйесі арқылы расталады деп көрсетілген.**

Алайда, "**Жайдарлы" Жастар КВН** лигасы" ЖҚБ –гі **техникалық** ерекшелікте жобаны жүзеге асыру үшін тиісті маманы қызметкердің **электрондық цифрлық қолтаңбасын енгізбеген**, яғни құжаттар заңсыз деп саналады сол себепті Әлеуметтік жобаны және (немесе) әлеуметтік бағдарламаны іске асыруға тартылатын мамандардың** еңбек өтілі мен біліктілігі (Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс стандарттарына (ҚР Қоғамдық

даму министрінің 2018 жылғы 15 тамыздағы № 19 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс стандартына сәйкес (Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2018 жылғы 29 тамызда № 17314 болып тіркелген) бөлігіне **0 балл беру сұралады.**

Тиісінше «Қармақшы жастары» ЖҚБ – гі барлық қағида талаптарын орындаған сол себепті тиісті **4 балл беру сұралады.**

"Елім-ай Достық" ҚБ – нің бір де бір құжаты жоқ, не жұмыс өтілі жоқ, алайда комиссия мүшелері барлық өлшемшарттар бойынша баға берген БҰЛ СЫБАЙЛАСТЫҚ ДЕП БІЛЕМІЗ ҚАТЕЛІКТІ ШҰҒЫЛ РЕТТЕУДІ ТАЛАП ЕТЕМІЗ

Шағым қанағаттандырылмаған жағдайда сотқа берілетінін ескертемін.

«Қармақшы жастары» ЖҚБ электронды қол қойылды Д.Жиенкужаев